

Әйтеке би ауданының 2009 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында азаматтарды кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы

### ***Күшін жойған***

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімиятының 2009 жылғы 18 мамырдағы № 242 қаулысы. Ақтөбе облысының Әйтеке би аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 26 мамырда № 3-2-81 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімиятының 2010 жылғы 15 ақпандағы № 25 қаулысымен

***Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық әкімиятының 2010.02.15 № 25 қаулысымен.***

«Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі № 74-ІІ Заңының 18, 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылдың 30 маусымындағы № 623 «Азаматтарды әскери қызметке шақыруды өткізу және ұйымдастыру тәртібі туралы» Қаулысының 2 тарауына, Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 01 сәуірдегі № 779 Жарлығына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 сәуірдегі № 543 және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31, 37 баптарына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Әйтеке би ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесі (И.Тұрғанбаев) 2009 жылғы сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне және басқа әскери құрылымдарға әскерге шақырылған күнге дейінгі қалдырылуға немесе босатылуға құқығы жоқ ер азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды жүзеге асырын.

2. Шақыру комиссиясы Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері Бас Штабының нұсқауларын (директиваларын) қатаң басшылыққа алсын.

3. Селолық округтер Әкімдеріне Қазақстан Республикасының «Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабына сәйкес бағыныштылығына және меншік түріне қарамастан, қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің талабы бойынша шақырылуға тиісті азаматтарға хабарлауға және мерзімінде шақырылатын орынға жеткізу тапсырылсын. Сонымен қатар әскерге шақырылғандардың жұмыс орнындағы еңбек ақысы (стипендиясын) шақыру күндеріне сақтай отырып, жұмысынан (окуынан) босатуға тиіс. Егерде әскерге шақырылушы кезекті демалыста, іс-сапарда жүрсе оларды шақырып, әскерге алынатын пунктке жеткізуі керектігі ескертілсін.

4. Қоса беріліп отырған аудандық әскерге шақыру комиссиясының құрамы бекітілсін (№ 1 қосымша).

5. Шақыру комиссиясының жұмысы 2009 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айларында жүргізілсін (№ 2 қосымша).

6. Аудандық аурұханаға (Ж.Қасымов) төмендегі жұмыстар тапсырылсын:

1) шақыру комиссиясына жұмыс жасауға жақсы дайындалған, тәжірибелі, кәсіби шебер дәрігер мамандар бөлу;

2) дәрігер мамандарды антропометриялық құралдармен, кабинетпен және орта буынды медициналық қызметкерлермен қамтамасыз ету;

3) 2009 жылдың 1 сәуіріне және 1 қазанына дейін ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімге шақырылған азаматтардың тізімін, амбулаториялық ауру тарихы жөніндегі картасын, жүйке аурумен, диспансерлік есепте тұратын ауру тарихы жөніндегі картасының көшірмесін, дәрігерлік тексеруден өтетіні туралы мәлімет, диспансерлік бақылау, азаматтардың денсаулығы туралы сипаттамалар

Ұ с ы н у ;

4) ауданның қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру пунктіне қажетті медициналық құралдармен және шаруашылық мүлігімен қамтамасыз ету;

5) 2009 жылдың сәуір-маусым, қазан-желтоқсан айлары аралығында аурұханаға емделуге түсken шақырылушы азаматтарды 3 (үш) тәулік ішінде қорғаныс істері жөніндегі бөліміне хабарлау;

6) стационарлық, амбулаториялық тексеруден өтіп, емделуге жіберілген азаматтарға аурұханадан орын бөлу;

7) Қарабұтақ селосында жұмыс жасаған кезде комиссия құрамын дәрігер мамандармен қамтамасыз ету;

8) 2009 жылдың сәуір айының 01-нен 30-ы аралығында өтетін жасөспірімдерді шақыру участкесіне тіркеуді жүргізу уақытында дәрігер-мамандарды негізгі жұмыстан босату.

7. Қазақстан Республикасының «Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Заңының 18 бабында көзделген мемлекеттік органдар, ұйымдар, меншік түріне қарамастан, лауазымды тұлғалар мен әскери міндettілер аталған бап бойынша өздеріне жүктелген міндettерді орындасын.

8. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі бастығы (Т.Шүйншин) азаматтарды кезекті әскери қызметке шақыру кезінде жұмыссыздықтан жазуы жақсы, неғұрлым жоғары немесе орта арнаулы білімі бар техникалық қызметкерлер бөлетін болсын.

9. Қазақстан Республикасының «Әскери міндettілік және әскери қызмет туралы» Заңының 44 бабына сәйкес шақыру участкесіне бөлінген барлық комиссия мүшелеріне, медицина және техникалық қызметкерге жұмыс орны мен орташа еңбек ақысы сакталын.

10. Аудандық қаржы бөлімі (А.Сапаров) азаматтарды кезекті өскери қызметке шақыруға байланысты, шығындарды жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылсын.

11. Ауданың қорғаныс істері жөніндегі бөлімі (И.Тұрғанбаев) осы қаулының орындалуы жөнінде аудан әкімдігіне хабарлама жасау тапсырылсын.

12. Осы қаулы Әйтеке би ауданының әділет басқармасының реестрімен бекітіліп, ресми газетке жарияланғаннан соң 10 күннен кейін қолданысқа енгізіледі.

13. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Ж.Нуршинге жүктелсін.

<i>Аудан Әкімі:</i>	<i>E.Есенбаев</i>		
Әйтеке	би	ауданы	әкімдігінің
2009	жылғы	18	мамыр дағы
№ 242 қаулысына № 1 қосымша			
<b>Аудандық ҚҰРАМЫ</b>	<b>әскерге</b>	<b>шақыру</b>	<b>комиссиясының</b>
Тұрғанбаев		- ауданың қорғаныс істер	
Имангазы Мамбетказыевич		жөніндегі бөлім бастығы,	
комиссия төрағасы			
Кузнецова		- мейірбике, комиссия	
Людмила Александровна	хатшысы		
<b>Комиссия мүшелері</b>			
Утешов		- Әйтеке би аудан әкімі	
Куанышбай Айтмаганбетулы	аппаратының бас маманы		
Таңатарұлы		- аудандық ішкі істер бөлімі	
Бекенбай		бастығының тәрбие және кадр	
жөніндегі орынбасары			
Жакибаева		- дәрігер терапевт, медициналық	
Назгул Жұмажановна		комиссияның төрағасы	

Әйтеке	би	ауданы	әкімдігінің
2009	жылғы	18	мамыр дағы
№ 242 қаулысына № 2 қосымша			

**2009 жылдың сәуір айында жұмыс жасайтын комиссияның жұмыс кестесі**

р/ с	Селолық округтерінің атаулары	Сәуір																						
		1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20	21	22	23
1	Комсомол с/o			д	д						д	д							д	д	8	8	8	8
	Комсомол с	150	x	x	d	d					d	d							d	d				

	Талдысай с	33	x	д	д			д	д			д	д		
2	Қызылжұлдыз с/о	14		д	д	x		д	д			д	д		
3	Құмқұдық с/о	61		д	д	x		д	д			д	д		
4	Жамбыл с/о	14		д	д	x		д	д			д	д		
5	Үшқатты с/о	7		д	д	x		д	д			д	д		
6	Ақтасты с/о	33		д	д		x	д	д			д	д		
	Ақтасты с	-		д	д		x	д	д			д	д		
	Толыбай с	-		д	д		x	д	д			д	д		
7	Әйке с/о	36		д	д	x		д	д			д	д		
	Әйке с	-		д	д	x		д	д			д	д		
	Теренсай с	-		д	д	x		д	д			д	д		
8	Басқұдық с/о	31		д	д		x	д	д			д	д		
9	Сарат с/о	21		д	д		x	д	д			д	д		
10	Жабасақ с/о	29		д	д		x	д	д			д	д		
11	Сұлукөл с/о	14		д	д	x		д	д			д	д		
12	Қарабұтақ с/о	82		д	д			д	д	x		д	д		
13	Аралтогай с/о	52		д	д			д	д	x		д	д		
14	Ақкөл с/о	21		д	д			д	д	x		д	д		
15	Қайрақты с/о	9		д	д			д	д	x		д	д		
	Барлығы	607		д	д			д	д			д	д		

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК